

**«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ**



БЕКІТЕМІН
Оқу ісі жөніндегі
проректордың м.а.
саяси ғ.к. профессор
Байсұлтанова К.Ч.
«06» 06 2026 ж.

**«6B02201 – Шығыстану» білім беру бағдарламасына түсуші
талапкерлермен әңгімелесу
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы 2026

**Шығыстану факультеті 6B02201 – «Шығыстану» білім беру бағдарламасына түсетін
шетелдік талапкерлерге арналған
қабылдау емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Жалпы ережелер

Бұл қабылдау емтиханы (сұхбат) бағдарламасы шығыстану факультетінің 6B02201 «Шығыстану» бағдарламасы бойынша шетелдік талапкерлерге арналған. Бағдарлама қабылдау емтиханының мақсатын, мазмұнын және тәртібін, бағалау критерийлерін және сұхбатқа дайындалу үшін ұсынылатын әдебиеттерді анықтайды.

2. Қабылдау емтиханының мақсаты мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – талапкердің «Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға деген ынтасын, жалпы дайындық деңгейін, коммуникативтік дағдыларын және жоғары оқу орнында оқуға дайындығын бағалау.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- талапкердің Шығыс елдерін, олардың тілдері мен мәдениеттерін оқып-үйренуге деген қызығушылығын анықтау;
- жалпы білім деңгейі мен дүниетанымының аясын бағалау;
- өз ойын логикалық және жүйелі түрде жеткізе білу қабілетін бағалау;
- таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға деген уәжін анықтау;
- қарым-қатынас тілдерін меңгеру деңгейін бағалау.

3. Қабылдау емтиханын өткізу нысаны

- Қабылдау емтиханы жеке әңгімелесу түрінде өткізіледі.
- Әңгімелесу ұзақтығы 20 минутқа дейін созылады.
- Әңгімелесу қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жүргізілуі мүмкін.

4. Қабылдау емтиханының мазмұны

Әңгімелесу келесі бағыттар бойынша сұрақтарды қамтиды:

- «Шығыстану» білім беру бағдарламасын таңдаудың себептері мен уәждері;
- Шығыс елдерінің тарихы, мәдениеті және қазіргі даму үдерістері туралы жалпы түсініктер;
- шығыс тілдерін оқып-үйренуге деген қызығушылық;
- талапкердің тілдік дайындығы;
- талапкер азаматы болып табылатын ел туралы мәліметтер және оның Қазақстан Республикасымен қарым-қатынастары;
- кәсіби жоспарлары мен болашақ қызметінің перспективалары.

Аталған міндеттерді іске асыру емтиханды әңгімелесу түрінде өткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Әңгімелесуді өткізу тәртібі

Әңгімелесуді емтихан комиссиясы келесі санаттағы талапкерлер үшін өткізеді:

- шетел азаматтары үшін.

Әңгімелесуді университет ректорының бұйрығымен бекітілген қабылдау комиссиясы (немесе емтихан комиссиясы) өткізеді. Әңгімелесу тілі: қазақ, орыс, ағылшын немесе шығыс тілі (талапкердің таңдауы бойынша).

Әрбір талапкерге қабылдау емтиханының бағдарламасына сәйкес комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беру мүмкіндігі беріледі. Әңгімелесу ұзақтығы 20 минутқа дейін созылады.

Әңгімелесу барысында талапкердің білім беру бағдарламасы бойынша оқуға деген ынтасы, жалпы дайындық деңгейі, коммуникативтік дағдылары, өз ойын логикалық әрі жүйелі түрде жеткізе білу қабілеті, сондай-ақ Шығыс елдерін, шығыс тілдері мен мәдениеттерін оқып-үйренуге деген қызығушылығы бағаланады. Әңгімелесу нәтижелері комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді және белгіленген тәртіппен талапкерлердің назарына жеткізіледі.

Әңгімелесу келесі кезеңдерді қамтиды:

- талапкердің жеке басын сәйкестендіру және емтихан өткізу тәртібімен таныстыру;
- білім беру бағдарламасының бейіні бойынша базалық білім деңгейін тексеру (теориялық сұрақтарға жауап беру);
- практикалық және талдамалық дағдыларын бағалау (жағдаяттық немесе практикалық бағыттағы тапсырмаларды орындау);
- оқыту тілін меңгеру деңгейін бағалау (қажет болған жағдайда – шетел азаматтары үшін);
- талапкердің уәжін және кәсіби бағыттылығын анықтау.

Әңгімелесу ұзақтығы бір талапкерге 20 минутқа дейін созылады.

6. Нәтижелерді бағалау критерийлері

Әңгімелесу барысында төмендегі көрсеткіштер бағаланады:

- білім беру бағдарламасы бойынша оқуға деген ынтасы;
- жалпы білім деңгейі мен таным көкжиегі;
- коммуникативтік дағдылары;
- өз ойын логикалық және жүйелі түрде жеткізе білу қабілеті;
- Шығыс елдерін, шығыс тілдері мен мәдениеттерін оқып-үйренуге деген қызығушылығы;
- шетел тілдерін меңгеру деңгейі.

Әңгімелесу нәтижелері келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- базалық теориялық білім деңгейі;
- логикалық және аналитикалық ойлау қабілеті;
- практикалық міндеттерді шешу барысында білімін қолдана білуі;
- оқыту тілін меңгеру деңгейі (шетел азаматтары үшін);
- білім алуға деген ынтасы және білім беру бағдарламасын саналы түрде таңдауы.

6.1. Әңгімелесу нәтижелері балдық жүйе бойынша бағаланады (0-ден 100 балға дейін):

- **90–100 балл** – дайындық пен ынтаның жоғары деңгейі;
- **70–89 балл** – жеткілікті деңгей;
- **50–69 балл** – қанағаттанарлық деңгей;
- **50 балдан төмен** – дайындық деңгейі жеткіліксіз.

Қорытынды баға белгіленген барлық критерийлер бойынша көрсеткіштердің жиынтығы негізінде анықталады.

Әрбір талапкерге белгіленген үлгідегі хаттама рәсімделеді, онда қабылдау емтиханының нәтижелері көрсетіледі, қорытынды баға қойылады, сондай-ақ емтихан комиссиясының қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы ұсынымы беріледі. Белгіленген тәртіппен рәсімделген хаттамалар талапкердің жеке ісіне қосу үшін қабылдау комиссиясына тапсырылады.

7. Сұрақтар базасы

Сұрақтар базасы 6B02201 – «Шығыстану» білім беру бағдарламасына түсетін шетел азаматтары үшін жеке түрде қалыптастырылады.

8. Қабылдау және оқуға қабылдау

Әңгімелесудің негізгі тақырыптары:

1. «Шығыстану» білім беру бағдарламасын тандаудың уәждері.
2. Талапкердің Шығыс елдері, олардың тарихы, мәдениеті және қазіргі даму үдерістері туралы түсінігі.
3. Шығыс тілдері мен мәдениеттерін оқып-үйренуге деген қызығушылығы.
4. Шетел тілдерін меңгеру деңгейі.
5. Талапкер азаматы болып табылатын ел туралы жалпы мәліметтер және оның Қазақстан Республикасымен қарым-қатынастары.
6. Кәсіби жоспарлары мен болашақ қызметінің перспективалары.

6B02201 – «Шығыстану» білім беру бағдарламасына түсетін шетелдік талапкерлермен әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесі:

1. Өзіңізді қысқаша таныстырыңыз. Неліктен 6B02201- «Шығыстану» білім беру бағдарламасын тандадыңыз?
2. Шығыстану ғылымын қалай түсінесіз? Оның зерттеу нысаны қандай?
3. Қай Шығыс еліне немесе өңіріне ерекше қызығушылық танытасыз? Неліктен?
4. Сіздің ойыңызша, шығыс тілдерін (қытай, жапон, корей, араб, түрік және т.б.) үйренудің қандай артықшылықтары бар?
5. Қандай шет тілдерін меңгергенсіз? Оларды қанша уақыттан бері оқып жүрсіз?
6. Қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерін меңгергенсіз бе?
7. Неліктен шығыс тілдерін оқуға қызығушылық танытасыз? Қай шығыс тілін (қытай, корей, жапон, араб, түрік және т.б.) оқығыңыз келеді? Неліктен?
8. Тіл үйренудің қандай әдістерін қолданасыз?
9. Сіздің ойыңызша, шет тілін меңгеруде ең қиын нәрсе не?
10. Сіз тандаған шығыс тілінің ерекшеліктері туралы не білесіз?
11. Бұл тілді меңгеру үшін қандай мақсат қойып отырсыз?
12. Тіл мен мәдениетті бірге оқудың маңызы қандай?
13. Шығыс тілдерін меңгеру болашақ кәсіби қызметіңізге қалай көмектеседі деп ойлайсыз?
14. Қазақстан мен өз еліңіздің арасындағы қарым-қатынастар туралы не білесіз?
15. Шығыс мәдениеттерінің қандай ерекшеліктерін білесіз?
16. Қазақстан мен Шығыс елдері (өз еліңіздің) арасындағы ынтымақтастықтың қандай бағыттарын білесіз?
17. Болашақта осы мамандық бойынша қандай салада жұмыс істегіңіз келеді?
18. Неліктен оқу үшін Қазақстанды және біздің университетті тандадыңыз?

Дайындалуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. 5 томдық. 5-том. — Алматы, 2010.
2. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: практикум / Т.О. Омарбеков, Б.Б. Кәрібаев, Қ.С. Қаражан, М.Ж. Ташенев [және т.б.]. — Алматы: Қазақ университеті, 2016. — 330 б.
3. Жұбатова Б.Н. және т.б. Шығыстануға кіріспе / Б.Н. Жұбатова, Ж.М. Төлебаева, Г.Е. Надинова. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 338 б.
4. Джубатова Б.Н., Тулибаева Ж.М., Надинова Г.Е. Введение в востоковедение / Б. Н. Джубатова, Ж.М. Тулибаева, Г.Е. Надинова. - Алматы: "Қазақ университеті", 2014. - 322 с.
5. Атабай Б.А. Классическое и современное востоковедение: методические рекомендации / Б.А. Атабай, К.Х. Таджикова. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 68 стр.
6. Васильев, Л. С. История Востока в 2 т. Т. I : учебник для магистров / Л. С. Васильев. — 6-е изд. — Москва : Издательство Юрайт, 2016. — 722 с. — (Бакалавр. Академический курс). — ISBN 978-5-9916-2713-9. — Текст : электронный // Образовательная платформа Юрайт [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/3874>
7. Введение в востоковедение. Общий курс / Отв. ред.: Е.И. Зеленов, В.Б. Касевич. СПб.: Каро СПб, 2013. - 584 с. https://tmn7cwK1YfbiziNT0BeDDp73Zo9UfGVweWkdQbrR1yP&api=1&no_preview=1
8. Аяган Б.Г., Обжанов Х.М., Махат Д.А. Қазақстан тарихы. — Алматы: Раритет, 2010.
9. История Казахстана в персидских источниках [Текст]; Институт востоковедения имени Р. Б. Сулейменова; [введение, перевод, комментарии, составление указателей: М. Х. Абусейтова, Ж. М. Тулибаева; ответственный редактор М. Х. Абусейтова]. — Дополненное и переработанное издание,- Алматы: Дайк-Пресс, 2006.
10. Қазақстан Республикасының дипломатиясы / К. Токаев. — Алматы, 2002. — 568 б.
11. Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан [Электронный ресурс]: научное издание / Токаев К. - Электрон. текстовые дан. (24.7Мб). - Астана: Елорда, 2001.
12. Внешняя политика Республики Казахстан: учебник / Ред.; К.И. Байзаковой. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. - 302 с.
13. Молдабеков Жақан. Ежелгі Шығыс: тарихы, мәдениеті, діні және философиясы [Мәтін]: оқу құралы. - Алматы : Қарасай, 2013. - 416 б.
14. Галиев А.А., Байсултанова К.Ш., Наурызбаева А.Б., Пак Н. История востоковедения в Казахстане. - 129 с.